

Шалқар ауданының бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақының мөлшерін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 11 шілдедегі № 466 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысына және Шалқар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 131 "Шалқар ауданының бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақылар тағайындау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен "Шалқар аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шалқар аудандық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекеме және "Шалқар аудандық дін істері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің техникалық персоналын қоспағанда, қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына отыз пайыздан аспайтын мөлшерде ынталандыру үстемақылар белгіленсін.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы*

Ж. Шамбалаев